

Дуальді оқыту туралы келісім-шарт

Қостанай қ.

«__»_____20__жыл

«М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті» ЖМ, бұдан әрі «Университет» деп аталатын, Президент Исмуратов Сабит Борисович атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін бір тараптан және _____, бұдан әрі «Кәсіпорын» деп

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)

аталатын, _____ атынан,

(басшының немесе басқа уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ негізінде әрекет ететін,

(Жарғының, Ереженің, сенімхаттың, бұйрықтың немесе басқа құжаттың)

екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, университет түлектерінің тәжірибелік даярлау сапасын арттыру және дуальді оқытуды енгізу саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында дуальді оқыту туралы осы Келісім-шартқа қол қойды (бұдан әрі - Келісім-шарт):

1. Келісім-шарт мәні

1.1. Тараптар университеттің «Робототехникалық жүйелер» білім беру бағдарламасының білім алушыларына қатысты дуальді оқытуды бірлесіп ұйымдастыруға және жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.2. Кәсіпорын білім алушыны тиісті еңбек жағдайлары бар білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика үшін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

2. Университеттің құқықтары мен міндеттері

2.1. Университет құқылы:

2.1.1. Білім алушыдан осы Шарттың міндеттерін, университет Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және оның қызметін реттейтін университет актілерін сапалы және тиісті түрде орындауды талап ету.

2.1.2. Кәсіпорында білім алушылардың дуальді оқытудан өтуін бақылауды жүзеге асыру.

2.1.3. Кәсіптік пәндер оқытушыларын кәсіпорындағы тағылымдамаға жіберу.

2.2. Университет міндеттенеді:

2.2.1. 1-қосымшаға сәйкес дуальді оқыту бағдарламасын, кәсіпорын базасында оқытуды өткізу мерзімдерін (2-қосымша), кәсіпорын базасында дуальді оқыту кезеңінде білім алушылар қызметінің негізгі бағыттарын, университет кәсіпорынға жіберетін білім алушылардың санын (3-қосымша), дуалды оқыту шеңберінде білім беру қызметтері үшін төлемдерін (4-қосымша) үйлестіру.

2.2.2. Уақтылы, дуальді оқыту басталғанға дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей кәсіпорынға білім алушылардың тізімдік құрамын, бірлескен қызмет жоспарын (кәсіпорында білім алушыларды оқыту және Университетте кәсіпорын тәлімгерлерінің оқу сабақтарын жүргізу кестесімен), сондай-ақ кәсіпорынның сұратуы бойынша қосымша ақпаратты жіберуге міндетті.

2.2.3. Білім алушылардың әрбір тобына университеттің академиялық тәлімгерлерін бекіту.

2.2.4. Білім алушыларды білім беру қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оқу-әдістемелік әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз ету.

2.2.5. Білім беру бағдарламасы мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім алушылардың өндірістік оқуы мен кәсіптік тәжірибеден өтуін ұйымдастыру және оны мерзімді бақылауды жүзеге асыру.

2.2.6. Кәсіпорын тәлімгерлеріне өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибені ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік көмек көрсету.

2.2.7. Қажет болған жағдайда кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәлімет беру.

2.2.8. Егер жазатайым оқиғалар өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибеден өту кезеңінде білім алушының қатысуымен болған жағдайларда, оларды тергеп-тексеруге қатысуға құқылы.

2.2.9. Кәсіпорында оқытудың ажырамас бөлігі болып табылатын дуальді оқыту нәтижелері бойынша қорытынды емтихан өткізуді қамтамасыз ету.

2.2.10. Кәсіпорындағы тәлімгерлерге білім беру қызметі үшін төлемді уақытылы төлеу.

3. Кәсіпорынның құқықтары мен міндеттері

3.1. Кәсіпорын құқылы:

3.1.1. Жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес күнтізбелік кестелер мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

3.1.2. Кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну.

3.1.3. Білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу.

3.1.4. Білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрату.

3.1.5. Кәсіпорында оқу кезінде студенттерге еңбек тәртібін бұзған жағдайда ықпал ету шараларын қолдану (ескерту, оқуды тоқтату, университетке хат жіберу).

3.1.6. Білім алушыларды университетті бітіргеннен кейін өндірісте жұмысқа орналастыру мүмкіндігі туралы ұсыныстар енгізу.

3.2. Кәсіпорын міндеттенеді:

3.2.1. Білім алушылармен еңбек шартын жасау (5-қосымша).

3.2.2. Өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибеге басшылықты жүзеге асыратын, өндіріс технологияларын немесе қызмет көрсету саласын меңгерген кәсіпорынның білікті қызметкері - тәлімгерді бекіту;

3.2.3. Оқу орнымен бірлесіп дуальді оқыту шеңберінде білім беру бағдарламасын, мамандық бойынша оқу жұмыс жоспарын, жылдық күнтізбелік кестені, білім беру процесін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және келісу.

3.2.4. Дуальді оқытудан өту кезеңінде білім алушыларды арнайы киіммен (формамен), оқыту құралдарымен, қолданыстағы нормативтер бойынша шығыс материалдарымен, құпия немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, практикалық материалдар мен процестерге қол жеткізумен қамтамасыз ету.

3.2.5. Студенттерге жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету (қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқаулықпен бірге) және қажет болған жағдайда студенттерге қауіпсіз жұмыс әдістемесі бойынша оқыту жүргізу.

3.2.6. Оқу процесінің кестесіне және (немесе) күнтізбелік кестелерге, білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылардың өндірістік оқуы мен кәсіптік практикасын өткізу үшін жұмыс орындарын ұсыну.

3.2.7. Білім алушылардың өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламасында көзделмеген, білім алушылардың мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда пайдалануына жол бермеу.

3.2.8. Білім алушылар еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзған барлық жағдайлар туралы білім беру ұйымына хабарлау.

3.2.9. Білім алушылардың жеке тапсырмаларды сәтті орындауы үшін қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық құжаттаманы пайдалану мүмкіндігін беру.

3.2.10. Өндірістік оқыту және кәсіптік практика аяқталғаннан кейін білім алушылардың жұмысы туралы сипаттама беру және дуальды оқытудан өту сапасына баға қою.

3.2.11. Тиісті бос орын болған жағдайда, алынған мамандыққа (біліктілікке) сәйкес жұмысқа орналасу үшін білім беру тапсырысы бойынша (мемлекеттік білім беру гранты) оқитын түлектердің кандидатураларын қарастыру.

3.3. Тәлімгер міндеттенеді:

3.3.1. Білім алушыларды қызметтік міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындаудың практикалық тәсілдеріне, дағдылары мен әдістеріне үйрету.

3.3.2. Білім алушыларды кәсіпорынмен келісілген оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес оқыту.

3.3.3. Білім алушыларға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау.

3.3.4. Білім алушылардың жіберген қателіктерін анықтау және бірлесіп жою, орын алған кемшіліктерді жоюға көмек көрсету.

3.3.5. Білім алушылардың өздерінің кәсіби міндеттерін орындауда жауапты қарым-қатынасын, сондай-ақ жұмыс бойынша әріптестеріне құрметті қатынасты қалыптастыру.

3.3.6. Білім алушылардан өндірістік қызметке байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды талап ету.

3.3.7. Білім алушылардан ауызша және жазбаша түрде жұмыс есептерін талап ету.

3.3.8. Жұмыс санатын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу және білім алушылардың кәсіби сипаттамаларын талқылауға қатысу.

3.3.9. Білім алушыларға мінездеме беру.

4. Өтемақы төлемін төлеу

4.1. Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту уақытында білім алушылар белгілі бір функционалдық міндеттерін орындаған кезде кәсіпорын өтемақы төлеміне рұқсат береді.

4.2. Өтемақы төлемінің көлемі кәсіпорынның қалауы бойынша белгіленеді.

5. Келісім-шарт мерзімі

5.1. Осы Келісім-шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және тараптардың біреуі оны тоқтату туралы бастама көтергенге дейін мерзімсіз болады. Бұл жағдайда Келісім-шарт ағымдағы оқу жылы аяқталғаннан кейін 2 апта ішінде бұзылуы мүмкін.

5.2. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізде бұзылуы мүмкін.

5.3. Білім алушыларды жұмыс орнына қабылдау осы Келісім-шарт негізінде шығарылатын кәсіпорын басшысының бұйрығымен немесе құрылымдық бөлімшесінің өкімімен ресімделеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Осы Шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

6.2. Тараптар, егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Осы Келісім-шартты іске асыру барысында туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей шешеді.

7.2. Тараптар келіссөздер арқылы шешпеген мәселелер, өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8. Келісім-шарт талаптарын өзгерту және бұзу тәртібі

8.1. Осы Келісім-шарттың талаптары Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертіледі және толықтырылады.

8.2. Осы Келісім-шарт бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

9. Тараптардың заңды мекен-жайлары және банктік деректемелері:

Университет

ЖМ «М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті»
Қостанай қ., Чернышевский к-сі, 59,
тел.: +7 (7142) 28-02-58
e-mail: adm@kineu.kz
БИН 960840000146
БИК TSESKZKA
ИИК KZ05998GTB0000014281, КБЕ 17
КФ АО «Jýsan Bank»

Кәсіпорын

Президент

_____/ **Исмуратов С.Б.**

**Дуальды оқыту шеңберіндегі кәсіпорынның сабақ жоспары
(оқу жоспарына қосымша)**

Білім беру бағдарламасы _____
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Курс _____

Топ _____

Семестр _____

Дисциплинаның коды және атауы _____

Апталар	Жұмыс түрлері бойынша бөлімдердің / тақырыптардың атауы	Сағат саны	Меңгерілетін құзыреттер (оқыту нәтижелері)
Жалпы сағат саны:			

Құрастырды:

(қолы) (Академиялық тәлімгердің аты-жөні)

(қолы) (Тәлімгердің аты-жөні)

Кафедра отырысында қарастырылды

(кафедра атауы)

Хаттама № ____ «__» _____ 20__ ж.

Кафедра меңгерушісі _____
(қолы) (аты-жөні)

Дуальді оқыту шеңберінде сабақтарды өткізу кестесі

Білім беру бағдарламасы _____
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Курс _____

Топ _____

Семестр _____

Дисциплина коды және атауы	Сабақтың түрі	Білім алушылар саны	Тәлімгердің аты-жөні, лауазым	Өткізу уақыты		Өткізу орны
				Апта күні	Уақыты	

Университет

**ЖМ «М. Дулатов атындағы Қостанай
инженерлік-экономикалық университеті»**
Қостанай қ., Чернышевский к-сі, 59,
тел.: +7 (7142) 28-02-58
e-mail: adm@kineu.kz
БИН 960840000146
БИК TSESKZKA
ИИК KZ05998GTB0000014281, КБЕ 17
КФ АО «Jýsan Bank»

Кәсіпорын

Президент

_____/ **Исмуратов С.Б.**

Студенттер тізімі

білім беру бағдарламасының _____
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)
дуалды оқыту шеңберінде сабақ өткізуге арналған

Курс _____

Топ _____

Семестр _____

Дисциплина коды және атауы _____

№	Студенттердің аты-жөні	Төлем түрі (грант/ақылы)

Университет

**ЖМ «М. Дулатов атындағы Қостанай
инженерлік-экономикалық университеті»**

Қостанай қ., Чернышевский к-сі, 59,

тел.: +7 (7142) 28-02-58

e-mail: adm@kineu.kz

БИН 960840000146

БИК TSESKZKA

ИИК KZ05998GTB0000014281, КБЕ 17

КФ АО «Jysan Bank»

Кәсіпорын

Президент

_____ / **Исмуратов С.Б.**

**Дуальді оқыту шеңберіндегі сабақтарға
ақы төлеудің болжамды құны**

білім беру бағдарламасы _____
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Курс _____

Топ _____

Семестр _____

Дисциплина коды және атауы	Бір семестрдегі сағат саны	Жоспарланған адам саны	Топқа 1 (бір) сағат оқу құны, теңге	Семестрдегі жалпы төлем, теңге
Толық төлемі				

Университет

**ЖМ «М. Дулатов атындағы Қостанай
инженерлік-экономикалық университеті»**

Қостанай қ., Чернышевский к-сі, 59,

тел.: +7 (7142) 28-02-58

e-mail: adm@kineu.kz

БИН 960840000146

БИК TSESKZKA

ИИК KZ05998GTB0000014281, КБЕ 17

КФ АО «Jýsan Bank»

Кәсіпорын

Президент

_____/ **Исмуратов С.Б.**

Еңбек шарты

Қостанай қ.

«___» _____ 20__ жыл

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның атауы)
бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын,

(басшының немесе басқа уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
бір тараптан _____, негізінде
(Жарғының, Ереженің, сенімхаттың, бұйрықтың немесе басқа құжаттың)
әрекет ететін, және _____,
(студенттің аты-жөні)
ЖСН _____, екінші тараптан бұдан әрі «Қызметкер» деп аталатын,
бұдан әрі бірлесе «Тараптар» аталып, осы еңбек шартына қол қойды:

1. Шарттың мәні

1.1. Қызметкер _____ лауазымы _____ (біліктілігі, _____ мамандығы) _____ бойынша

жұмысты жеке өзі орындауға, осы еңбек шартының шарттарын, еңбек тәртібінің ережелерін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, қызметкерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Бұл дуальді білім беру бағдарламасы М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің (бұдан әрі - ҚИНЭУ) «Робототехникалық жүйелер» бакалавриат бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады. Осы бағдарламаның екі жақты сипаты мақсатында ҚИНЭУ-дегі «теориялық фазалар» мен жоғарыда аталған кәсіпорындағы «операциялық фазалары» ауысып отырады. Студенттерді өндірістік процеске және тәжірибе жинауға ұзақ мерзімді интеграциялау үшін еңбек шарты үшінші семестрден бастап соңғы семестрге дейінгі барлық оқу кезеңіне келісілуі керек.

2. Мерзімі

2.1. Жұмысқа орналастыру _____ басталады және _____ аяқталады.
(кк/аа/жж) (кк/аа/жж)

3. Жұмыс уақыты

3.1. Орташа апталық стандартты жұмыс күні _____ сағатты құрайды (ең көбі _____ (сс/мм)

толық жұмыс күнінің 50%). Қосымша қызметтер, үстеме жұмыс немесе әдеттегі жұмыс уақытынан тыс басқа талаптар (кезекшілік, іссапар және т.б.) үшін қызметкер жауап бермейді.

3.2. Жұмысты орындау оқу жоспарына немесе дипломдық жұмысты/жобаны дайындау кезеңіне байланысты операциялық кезеңдерде жүзеге асырылады. Дипломдық

жұмысты/жобаны дайындауды жұмысты орындау ретінде қарау керек пе және ол жұмыс уақыты ретінде қандай дәрежеде қаралады деген мәселе дипломдық жұмыстың/жобаның тақырыбы туралы шешім қабылданғаннан кейін шешіледі. Осылайша, жұмыс жылындағы жұмыс сағаттарын бөлу жұмыс кезеңдерінің жалпы бөлінуіне және білім беру бағдарламасындағы дипломдық жұмыс/жобаны дайындауға байланысты болады. Кез келген жағдайда ауытқулар қызметкердің келісімін талап етеді. Бұл туралы білім беру бағдарламасының жетекшісіне алдын-ала хабарлау керек.

3.3. Дипломдық жұмысты/жобаны дайындаудың жұмыс кезеңдерінің жекелеген апталарына, сондай-ақ жұмыс күнінің басталуы мен аяқталуына жұмыс уақытын бөлу жұмыс берушінің және оның бөлімшесінің ұйымдастырушылық қажеттіліктеріне негізделген. Әр жұмыс кезеңі басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей қызметкерге осы кезеңдегі жұмыс уақыты туралы хабарлау қажет. Егер күтпеген жағдайларға байланысты пропорционалды емес экономикалық жағдайдың алдын алу үшін қажет болса, ал басқа шаралар орынсыз болса, екі апталық ескерту талап етілмейді.

4. Жұмыс нәтижелері / қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бейілділік

4.1. Қызметкер «Робототехникалық жүйелер» бакалавриатының білім беру бағдарламасының білім беру мақсаттарына жету үшін қажетті білім, білік және басқа да кәсіби тәжірибе алу үшін күш салуы тиіс.

4.2. Қызметкер әртүрлі бөлімдерге және/немесе жобаларға қатысты білімін арттыру саласында жұмыс істейтін болады.

4.3. Кәсіпорында практикалық-кәсіптік оқыту мен ҚИНЭУ-де теориялық-қолданбалы оқытудың тығыз ара-қатынасына байланысты қызметкер ҚИНЭУ-дегі курстар мен басқа да тренингтерге қатысуға, жоспарлы емтихандарды және академиялық күнтізбеге сәйкес жетістіктердің басқа да дәлелдерін тапсыруға міндетті.

5. Жұмыс орны

5.1. Стандартты жұмыс орны – жұмыс берушінің кәсіпорны

(Атауы және мекен-жайы)

5.2. Қызметкер Қостанай қаласындағы, Кәсіпорынның басқа объектілерінде де жұмыстарды орындауға келіседі.

6. Еңбекақы

6.1. Қызметкердің өндірістік немесе теориялық кезеңде болуына қарамастан, жұмыс уақыты үздіксіз төленеді айына теңге.

(Сома санмен және жазбаша)

7. Жұмыс берушінің оқыту міндеттері

7.1. Жұмыс беруші қызметкердің «Робототехникалық жүйелер» бакалавриаттың білім беру бағдарламасының білім беру мақсаттарына жету үшін қажетті білім, білік және басқа кәсіби тәжірибе алуына кепілдік беруі керек. Оқу барысы тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар оқу жоспарының кестесін сақтай алатындай етіп жасалуы керек. Бұл үшін қызметкерге берілген міндеттер мен жобаларды дұрыс құрылымдау үшін білім мен дайындық қажет. Курстық оқу жоспарына немесе білім деңгейіне сәйкес келмейтін әрекеттерге жол берілмейді.

7.2. Кәсіпорындағы жеке операциялық кезеңдерге бөлінген практикалық сабақтың құрылымына қолдану жоспарланған бағыттары, бірнеше жобаларға қатысу, оқу жоспарындағы басымдықтар кіреді, оны оқу келісімшарты аяқталғанға дейін білім беру

бағдарламасының жетекшісі растауы керек.

7.3. Жұмыс беруші бір немесе бірнеше тиісті тәлімгерлерді тағайындауы керек. Егер бірнеше тәлімгер қатысса, онда оқыту үйлестірушісі анықталуы тиіс. Тәлімгер немесе үйлестіруші білім беру бағдарламасының басшысына хабарлауы қажет.

7.4. Кәсіпорындағы жұмыс және оқу орталықтары қызметкерлерді қорғау ережелеріне де, ҚИНЭУ іріктеу критерийлерінде көрсетілген нұсқамаларға да сәйкес келуі тиіс.

8. Оқу шығындары / үстеме ақылар

8.1. Қызметкер қажетті оқу материалдарымен (құралдармен, материалдармен, әдебиеттермен және т.б.) тегін қамтамасыз етілуі тиіс. Бұған білім беру бағдарламасы шеңберінде теориялық және қолданбалы даярлық үшін талап етілетін құралдар кірмейді. Дипломдық жұмыс/жоба үшін қаражатқа келетін болсақ, қызметкердің жұмыс берушімен байланысы өзекті. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда білім беру бағдарламасының басшысын хабардар ету қажет.

8.2. Жұмыс беруші қызметкерге жұмыс киімдерін, рұқсаттамаларын және т.б. ұсыну бойынша барлық шығындарды өз міндетіне алады.

8.3. Қызметкердің іссапарлары жағдайында шығындарды өтеуді ескере отырып, операциялық іссапарларға қатысты әдеттегі ұстанымдар қолданылады.

8.4. Оқуға немесе білім алуға жұмсалған шығындарды өтеуге жұмыстан босатылмаған кезде де, жұмыстан босатылған кезде де жол берілмейді.

9. Ақпарат алмасу

9.1. Қызметкер оның қызметінің нәтижелілігіне және басқа да бағалануына байланысты ақпарат ҚИНЭУ-ге берілуі мүмкін екендігімен келіседі.

9.2. Қызметкер ҚИНЭУ жұмыс берушіге оқу нәтижелерін және жұмыс туралы басқа да пікірлерді ұсына алатындығымен келіседі.

9.3. Жұмыс беруші оқыту нәтижелерін және басқа да тұрақты жұмыс нәтижелерін жұмысшының өзінен талап етуге құқылы.

10. ҚИНЭУ-мен ынтымақтастық

10.1. Еңбек қатынастарының ерекше тәрбиелік сипаты ҚИНЭУ-мен үнемі ынтымақтастықты қажет етеді. Қызметкер мен жұмыс беруші осы жұмыс қатынастарынан туындайтын барлық мәселелер бойынша дауларды хабарлау және шешу үшін ҚИНЭУ -мен байланысуға құқылы.

11. Еңбек қатынастарын тоқтату

11.1. Көрсетілген мерзім өткенге дейін еңбек қатынастарын тоқтатуға:

11.1.1. ҚИНЭУ-мен білім беру қызметтерін көрсету және дуальді оқыту туралы шарттарды бұзу.

11.1.2. Қызметкердің жұмыстан босату құқығы шектелмейді.

11.2. Жұмыс берушінің де, қызметкердің де жұмысты тоқтата тұруы жазбаша түрде және ҚИНЭУ-ге хабарлағаннан кейін ғана жасалуы керек. Жұмыстан болжалды шығу туралы ақпарат білім беру бағдарламасының басшысына жұмысты тоқтату туралы хабарламадан кем дегенде екі апта бұрын берілуі керек. Егер жазбаша жұмыстан босату болмаса немесе жұмыстан шығаруға негіз болмаса, жұмыстан шығару жарамсыз болып табылады.

12. Талап арыздардың мерзімінің аяқталуы

12.1. Егер заңдық немесе келісімшарттық мерзімде бір-біріне қайшы келетін фактілер көзделмесе, жұмыспен байланысты барлық талап-арыздар белгіленген мерзімнен

кейін үш ай ішінде аяқталады, егер тараптар жазбаша өтініш білдірмесе.

13. Еңбек шартына қосымшалар / келісімшарттан ауытқулар

13.1. Келісімшартқа қосымшалардың жазбаша нысанда және ҚИНЕУ мақұлдауымен басқа заңды күші болмайды. Қызметкер үшін тиімсіз болса, ҚИНЕУ үлгісіндегі келісімшарттан ауытқуға тыйым салынады.

16. Тараптардың заңды мекен-жайлары және банктік деректемелері:

Жұмыс беруші

Қызметкер

Кері байланыс формасы - академиялық тәлімгерлер

Құрметті академиялық тәлімгер,
кәсіпорында оқуды аяқтағаннан кейін сізді келесі сұрақтарға жауап беруге сұраймыз.

Сауалнамалар оқытуды ұйымдастыру мен процесін оңтайландыру қажеттілігі тұрғысынан талданатын болады. Сіздің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз біз үшін өте маңызды!
Жиналған деректер жасырын түрде өңделеді.

Университет:

Келісімнің тиісті деңгейін таңдаңыз: 1 - Мен толық келісемін, 6 - Мен толығымен келіспеймін, x - Мен білмеймін / маңызды емес

Академиялық тәлімгер оқу басталғанға дейін өзінің міндеттері туралы барлық қажетті ақпаратты алды.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгер кәсіпорындағы студенттердің міндеттері туралы білді.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгер студенттердің қандай жұмыс тапсырмаларын орындайтынын алдын-ала білген.	1	2	3	4	5	6	X
Академиялық тәлімгер әр тапсырманы орындау барысында студенттер қандай дағдылар мен құзыреттіліктерге ие болуы керектігін білді.	1	2	3	4	5	6	X
Кәсіпорын құрылымына тәлімгер қосылды.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгерге оның дуальды оқытудағы міндеттері мен рөлі туралы айтылды.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгерге тапсырмаларды орындауға жеткілікті уақыт берілді.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгер студенттермен ашық сөйлесті және олардың жұмысы туралы кері байланыс берді.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгер өндірістік ортамен байланысу мүмкіндігін пайдаланды.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгері оқу барысында студенттердің сұрақтарына қолдау көрсетті.	1	2	3	4	5	6	x
Жұмыс тапсырмалары негізінен оқу бағдарламасына сәйкес келді.	1	2	3	4	5	6	x
Нақты құрылымдалған оқыту кәсіпорынмен алдын-ала келісілді.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгер студенттердің өздерінің кәсіби мансаптары үшін жауапкершілікті өз мойнына алатынын көрді.	1	2	3	4	5	6	x
Академиялық тәлімгер білім алушылар оқу кезінде не істегені туралы Кері байланыс алған жоқ.	1	2	3	4	5	6	x
Қажет болған жағдайда оқу кезінде университет тәжірибесі	1	2	3	4	5	6	x

жетекшісінің қызметін пайдалануға болды.							
Оқу кезінде кері байланысты жалпы қанағаттандыру.	1	2	3	4	5	6	x
Мен басқа ғалымдарға дуалды білім беру бағдарламасы аясында тәлімгер рөлін атқаруды ұсынар едім.	1	2	3	4	5	6	x
Оқу барысында мен риза болмадым:							
Оқу сапасын жақсарту бойынша менің ұсыныстарым:							

Дуальды білім беру бағдарламасы шеңберіндегі тәлімгерлік тәжірибеңізді бірінші жылдағы тәлімгерлікпен салыстырғанда сипаттаңыз.

Оқудың келесі кезеңін жоспарлауды қалай бағалайсыз?

Бұл сіздің университетпен ынтымақтастығыңызға қалай әсер етті (ҒЗТКЖ-ны қолдау, бағдарлау, күту, құзыреттілік/дағды/білімді игеру)?

Үлкен рахмет!

Кері байланыс сауалнамасы - кәсіпорын тәлімгерлері

Құрметті кәсіпорын тәлімгер,
кәсіпорында оқуды аяқтағаннан кейін сізді келесі сұрақтарға жауап беруге сұраймыз.

Сауалнамалар оқытуды ұйымдастыру мен процесін оңтайландыру қажеттілігі тұрғысынан талданатын болады. Сіздің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз біз үшін өте маңызды!
Жиналған деректер жасырын түрде өңделеді.

Кәсіпорын:

Келісімнің тиісті деңгейін таңдаңыз: 1 - Мен толық келісемін, 6 - Мен толығымен келіспеймін, х - Мен білмеймін / маңызды емес

Университет оқытуды бастамас бұрын барлық қажетті ақпаратты берді.	1	2	3	4	5	6	х
Студенттерді кәсіпорын қызметкерлері жақсы қабылдады.	1	2	3	4	5	6	х
Мен алдын ала студенттерге қандай жұмыс міндеттерін орындайтынын білдім.	1	2	3	4	5	6	х
Мен әр тапсырманы орындау барысында студенттер қандай дағдылар мен құзыреттерді игеруі керек екенін білдім.	1	2	3	4	5	6	х
Тәлімгер білім беру бағдарламасымен таныстырылды.	1	2	3	4	5	6	х
Тәлімгерге оның дуальді білім берудегі міндеттері мен рөлі туралы айтылды.	1	2	3	4	5	6	х
Тәлімгерге тапсырмаларын орындау үшін жеткілікті уақыт берілді.	1	2	3	4	5	6	х
Тәлімгер оқушылармен ашық сөйлесіп, олардың жұмысы туралы пікір білдірді.	1	2	3	4	5	6	х
Білім алушыларға бастамашылық/қызығушылық білдіру үшін орын берілді және олар осы мүмкіндікті пайдаланды.	1	2	3	4	5	6	х
Қызметкерлер білім алушылардың сұрақтарына ашық жауап береді және оларды қолдайды.	1	2	3	4	5	6	х
Жұмыс тапсырмалары негізінен оқу бағдарламасына сәйкес болды.	1	2	3	4	5	6	х
* Университетпен нақты құрылымдалған оқыту.	1	2	3	4	5	6	х
* Білім алушыларға кәсіби мансап үшін жауапкершілік берілді.	1	2	3	4	5	6	х
Кейде біз студенттермен не істеу керектігін білмедік.	1	2	3	4	5	6	х
Оқу кезінде академиялық тәлімгердің кеңесін сұрауға болады.	1	2	3	4	5	6	х
Оқудан жалпы қанағаттану.	1	2	3	4	5	6	х

Мен басқа кәсіпорындарға дуалды білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда университеттің серіктесі болуды ұсынар едім.	1	2	3	4	5	6	x
Оқу барысында мен риза болмадым:							
Оқу сапасын жақсарту бойынша менің ұсыныстарым:							

Дуальды білім беру бағдарламасы шеңберіндегі тәлімгерлік тәжірибеңізді бірінші жылдағы тәлімгерлікпен салыстырғанда сипаттаңыз. Оқудың келесі кезеңін жоспарлауды қалай бағалайсыз? Бұл сіздің университетпен ынтымақтастығыңызға қалай әсер етті (ҒЗТКЖ-ны қолдау, бағдарлау, күту, құзыреттілік/дағды/білімді игеру)?

Үлкен рахмет!

Кері байланыс сауалнамасы – білім алушылар

Құрметті білім алушы,
кәсіпорында оқуды аяқтағаннан кейін сізді келесі сұрақтарға жауап беруге сұраймыз.

Сауалнамалар оқытуды ұйымдастыру мен процесін оңтайландыру қажеттілігі тұрғысынан талданатын болады. Сіздің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз біз үшін өте маңызды!
Жиналған деректер жасырын түрде өңделеді.

Оқу бағдарламасы:
Оқу жылы:
Кәсіпорын:

Келісімнің тиісті деңгейін таңдаңыз: 1 - Мен толық келісемін, 6 - Мен толығымен келіспеймін, x - Мен білмеймін / маңызды емес

Университет оқу басталғанға дейін барлық қажетті ақпаратты берді.	1	2	3	4	5	6	x
Мені қызметкерлер жақсы қабылдады.	1	2	3	4	5	6	x
Мен қандай жұмыс тапсырмаларын орындайтынымды алдын ала білдім.	1	2	3	4	5	6	x
Мен әр тапсырмамен қандай дағдылар мен құзыреттер алатынымды білдім.	1	2	3	4	5	6	x
Тәлімгер мені жұмыс ортасымен таныстырды.	1	2	3	4	5	6	x
Тәлімгер мені кәсіпорынмен таныстырды.	1	2	3	4	5	6	x
Тәлімгер маған қандай жұмыс тапсырмаларын орындау керектігін және оларды орындау кезінде нені үйренуім керек екенін айтты.	1	2	3	4	5	6	x
Тәлімгер менің сұрақтарыма толықтай жауап берді.	1	2	3	4	5	6	x
Тәлімгер менімен ашық сөйлесіп, жұмысым туралы пікірлер айтты.	1	2	3	4	5	6	x
Егер Мен мұны істегім келсе, бастама / қызығушылық таныта аламын.	1	2	3	4	5	6	x
Қызметкерлер менің сұрақтарыма жауап берді.	1	2	3	4	5	6	x
Жұмыс тапсырмалары менің оқу жоспарыма сәйкес келді.	1	2	3	4	5	6	x
Тапсырмалардан тұратын жұмыс жоспары маған оқуға көмектесті. * Түсініктеме қосыңыз-бұл құзіреттілікке / дағдыларға, жұмыс орнында оқудан үміттеріңізге және т. б. қалай әсер етті.:	1	2	3	4	5	6	x

* Нақты құрылымдалған тренинг менің жұмыс тапсырмаларын орындауға деген ынтамды арттырды.	1	2	3	4	5	6	x
* Нақты құрылымдалған оқыту менің кәсіби мансабыма жауапкершілікті арттырды.	1	2	3	4	5	6	x
Кейде мен кәсіпорында не істерімді білмей қалдым.	1	2	3	4	5	6	x
Егер тренинг кезінде қажет болса, тренинг ұйымдастырушысы қол жетімді болды.	1	2	3	4	5	6	x
Мен жұмыс ортасының мәдениетіне және компаниядағы өзін-өзі ұстау ережелеріне үйренгенмін.	1	2	3	4	5	6	x
Мен тәртіпке және тапсырмаларды орындау үшін жауапкершілікке үйрендім.	1	2	3	4	5	6	x
Оқуға жалпы қанағаттану.	1	2	3	4	5	6	x
Мен бұл оқыту кәсіпорнын досыма ұсынар едім.	1	2	3	4	5	6	x
Оқу кезінде маған көбінесе ұнады:							
Оқу кезінде маған ең аз ұнады:							
Оқу сапасын жақсарту бойынша менің ұсыныстарым:							

Дуальды білім беру бағдарламасы аясында оқу тәжірибесін бірінші жылдағы тәлімгерлікпен салыстырғанда сипаттаңыз.

Оқуды жоспарлауды қалай бағалайсыз?

Бұл сіздің оқуыңызға қалай әсер етті (жұмыс, бағдарлау, күту, құзыреттілік/дағды/білім алу)?

Үлкен рахмет!